



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№39 (1821)
30 қазан
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат Қанат Саудабаев «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және сыртқы саясаттағы жетістіктер» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Қанат Саудабаев көшбасшылық дәріс оқыды



мет жолына тоқталып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тарихи оқиғалардың тікелей куәгері екенін және мемлекеттің нығаюына белсенді үлес қосқанын атап өтті.

Қайраткер тұлға өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кандидаттық диссертация қорғағанын еске алып, Тәуелсіздік тойы қарсаңындағы кездесудің ерекшелігіне назар аударды. Спикер әрбір ұрпақтың тарихты жаңаша жазуға ұмтылатынын алға тарта келе: «Жас мемлекет

үшін 30 жыл – маңызды кезең, бірақ тарих үшін бұл бір сәт. Алайда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық көрегендігі мен халқымыздың жасампаз күшінің арқасында болған түбегейлі және терең қайта құруларға сүйенсек, осы 30 жыл шын мәнінде дәуірге тең», – деген пікірін жеткізді. Күні бүгінге дейін санада сайрап тұрған тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, ел тарихындағы тағдыршешті оқиғалар жайлы кеңінен әңгімеледі (Қанат Саудабаевтың дәрісте айтқан

ойларын 2-беттен оқи аласыздар).

Шара соңында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қадірменді қонаққа ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Алтын медаль» табыстап, «Әл-Фараби» кітабын сыйға тартты. Сонымен бірге университеттің «Құрметті профессоры» ғылыми атағын ұсынып, қасиетті мекендегі дәрістің жалғасуына тілек білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР жоғары оқу орындары басшыларымен өткен кеңеске қатысты.

Тұжырымдама жобасы талқыланды



ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР СЖҚА қоғамдық кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша комиссиясы және «Алматы адалдық алаңы» жобалық кеңесі ұйымдастырған жиында 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы талқыланды.

Кеңесті ашқан ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов мемлекеттің қауіпсіздігі мен дамуындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларының маңызына тоқталды.

Өз тілшімізден

Ықпалдастық негізі қаланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтымен және осы елдің Мақтұмқұлы атындағы мемлекеттік университетімен өзара ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумдарға қол қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға мемлекеттік сапары аясында өткен онлайн қол қою рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Түрікменстан Сыртқы

істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтының ректоры Жұмамұрат Гурбангелдыев және Мақтұмқұлы атындағы Түрікменстан мемлекеттік университетінің ректоры Байрамгүл Ораздурдыева қатысты.

Ынтымақтастық шеңберінде жасалған меморандумдар гуманитарлық, техникалық, әлеуметтік салалар, соның ішінде халықаралық қатынастар мен аймақтану, халықаралық құқық, әлемдік экономика және халықаралық журналистика бағытындағы ықпалдастықтың негізін қалады. Тараптар бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқытушылар мен ғалымдар алмасу, біліктілікті арттыру курстарын және дәрістер ұйымдастыру, білім беру бағдар-



ламалары, оның ішінде қос диплом беруді іске асыру мәселелері бойынша бірлесе жұмыс істеуге келісті.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев әріптестерін

құттықтай отырып, бұл келісімдердің қабылдануын алда атқарылатын ауқымды жұмыстардың бастамасы ретінде атап өтті. Сөз соңында ректор Халықаралық қатынастар институтының бас-

шысын ҚазҰУ-ға ресми іссапармен келуге шақырды.

Сондай-ақ құжаттарда цифрлық білім беру жүйесін дамытуда тәжірибе алмасу, ғылыми жетекшілік жүргізу үшін үздік ғалымдарды тарту, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып онлайн және офлайн семинар, дөңгелек үстел, конференциялар өткізу қарастырылып, мемлекеттік, халықаралық, қоғамдық және жеке қорлар мен ұйымдар жариялайтын гранттарға бірге қатысу, серіктес университеттің мерзімді басылымдарында мақала, баяндама және басқа да ғылыми еңбектер жариялау сынды өзекті шаралар да қамтылды.

Айта кетсек, қазіргі уақытта Түрікменстаннан келген 400-ден астам студент ҚазҰУ қабырғасында білім алуда.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Гүлфайруз ШӘЛІМБАЙ



Ақерке СЕРБАЕВА

Тәуелсіздік – білім мен ғылымның дамуына бастар жол

3



Барлығы біреуінде:

Электрлі-магниттік құбылыстарды оқытуға арналған көмекші құрал

4



Түркілік ақпарат кеңістігі қанат жайып келеді

5

Қанат САУДАБАЕВ, мемлекет қайраткері:

Дипломатия қазақтың қанында бар қасиет

Арада 30 жыл уақыт өткеннен кейін тәуелсіз Қазақстанның тарихында жасалған әр қадамның заңды, әділ болғанына қазір бәріміздің көзіміз жетіп отыр. Осы күні еске алуға оңай, алайда сол жылдары ел мен жер тағдырын, халық алдындағы жауапкершілікті мойынға алу әсте оңай шаруа емес еді. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сол бір қиын-қыстау заманда осының бәрін өз мойнына, өз жауапкершілігіне алды. Тәуелсіздігімізді жарияламай тұрғанда Мәскеумен арақатынасымыз басқаша еді. Сондай бір елең-алаң күндері Нұрсұлтан Әбішұлы мені шақырып алып, Қазақстанның өкілетті өкілі ретінде Мәскеуге жібермек ойы бар екенін айтып, ашық әңгімелесті.



Мен осы күні Елбасының көрегендігіне, стратегиялық тұрғыдағы жасаған болжамына қайран қаламын. Нұрсұлтан Әбішұлы сол кездесуде жағдайдың мәз еместігін, келешекте тіпті Кеңес Одағы болмай қалуы мүмкін екенін айтты. Мен, өзі, табиғатымнан эмоционалды адаммын, ойыма не келеді, қандай мәселе мазалайды – соны ашық, бүкпесіз айтатын әдетім бар. Ол кісіге қолымнан не келетінін, қандай шаруаға икемім барын айтып жатырмын. Кеңес Одағы бола ма, болмай ма – ол жағы әлі белгісіз. Мәскеуге барып, бәрін бүлдіріп келді деген аты жаман, бұл қызметтен бас тартатынымды жеткіздім. Осы кезде Нұрсұлтан Әбішұлы маған сенім артып отырғанын айтты, жарыммен ақылдасуымды сурады. Мен ыңғай таныта қоймадым. Содан өзі менің жұбайыма хабарласты. Ол кісі: «Нұрсұлтан Әбішұлы,

Қанат – ине, мен – жіппін», – деді. Мен не дейін, «сіз Президентсіз, егер сіз қаласаңыз, маған сенім артсаңыз көндім» дедім. Міне, осылай менің Мәскеудегі қызметім басталып та кетті. Әңгімемнің басында да айтып өттім ғой, ол кезде жағдай басқаша еді, саяси ахуал да тұрақсыз-тын. Мен Мәскеудегі ахуалды көріп шошыдым. Оның соңы Беловеж келісіміне әкелгенін білесіздер. Сол кезде де Нұрсұлтан Әбішұлы өте табандылық танытты. Қазір оқиғаға қатысы жоқ адамдар естелік айтып, мемуар жазатын болып кетті. Оның бәріне бірдей сене беруге болмайды. Сол кездегі оқиғалардың бәріне тірі куәгер – менмін.

Нұрсұлтан Әбішұлы 1991 жылы, ол кезде әлі КСРО қатарындамыз, Семей полигонын жапты. Сол тұста Кеңес Одағы қырық жыл бойы ядролық сынақ жүргізіп келген полигонды жабу өкінің

бірінің қолынан келе бермейтін іс еді. Кеңес Одағынан бізге екі экологиялық катастрофа мұраға қалды. Оның бірі – Арал, екіншісі – осы Семей полигоны еді. Оған үшінші бір «апатты» қосыңыз. Қазақстан шикізаттың отаны болды, экономикамыздың 93 пайызы шикізат, тек 7 пайызы ғана өз мұқтажымызға жұмыс істеді. Инфляция 200 пайызға дейін өсті. Басқасын айтпағанда, осы үш «мұрамен» күресу, оларды тығырықтан алып шығу – ауызбен айтуға ғана оңай.

1992 жылы Елбасы 17 қаңтарда Ресей елімен арада еркін тауар, қызмет көрсету келісіміне қол жеткізді. Одан кейін, өздеріңіз білесіздер, біздің еліміз ядролық қарудан бас тартты. Біздің халық бейбітсүйгіш, Тұңғыш Президентіміз сол кезде де өте дұрыс шешім қабылдады, халықаралық қауымдастық бізге сенді. 2002 жылы Қытаймен, 2005 жылы Ресеймен арада шекарамызды белгілеп алдық. Ал Қазақстан елінің астанасын Ақмола жеріне көшіру туралы шешім шығарғанда, шынын айту

керек, Президентке сене қойған адам болған жоқ. Сол кезде Өзбек елінің марқұм президенті Ислам Каримов Нұрсұлтан Әбішұлына: «Мұндай шешімге келіп жатқаныңызға қарағанда, сіздің жүрегіңіз аттың басындай болуы керек», – деп еді. Себебі сол тұста елдегі жағдай тым күрделі-тін. «Әлеуметтік-экономикалық ахуал асқынып тұрғанда ел астанасын қайтіп көшіреміз?» деген ой бәрімізде болды. Арада көп уақыт өтпей-ақ бұл қадамның да саяси-экономикалық жағынан стратегиялық мәні зор екеніне көзіміз жетті.

Ал 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті ше? Қазақстан бұл мақсатқа жету үшін әлемдік қауымдастықпен үш жыл бойы жұмыс жүргізді. Туған топырақта 55 елдің басшысын қабылдау қандай ғанибет десеңізші. ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның саяси аренадағы салмағын айқындап берді.

Қазақстанның 30 жылғы дамуы, жетістігі көз алдымызда тұр. Ол – мемлекеттің тарихы, шежіресі. Біз қолымыздан келгенін істедік. Енді сіздер, жас ғалымдар, бүгінгідей бәсекеге ден қойған заманда бізден де мықты, бізден де үздік, бізден де білімді болуларың керек. Қазақстанның болашағы сіздердің қолдарыңызда. Елді елдестіру – елшінің қолында. Өйткені дипломатия – қазақтың қанында бар қасиет.

ПІКІРЛЕР

Қайраткер өз тәжірибесін ортаға салды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректоры Ж.Түймебаевтың ұсынысымен әр саладағы жетістікке қол жеткізген, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихындағы өз ізін қалдырған тарихи тұлғалармен кездесіп, олардың «Көшбасшылық дәрістерін» ұйымдастыру шаралары қолға алынды. Соның нәтижесінде төл университетіміздің ғалымдары, студенттер өз саласының майталман мамандарымен кездесуге, олардың қызметтік-өмірлік тәжірибесімен танысуға мүмкіндік алды.

Осындай ізгі кездесулердің бірі Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі, мемлекет қайраткері Қанат Саудабаевтың көшбасшылық дәрісі болды. Қанат Бекмырзаұлы – тәуелсіздікті жаңа ғана алған жас мемлекет – Қазақстанның жаңа мүддесіне сай заманауи сыртқы саясатын қалыптастыруда басықасында болған ерен тұлға. Оның елші және мемлекеттік қызметтегі өмір жолы факультеттің жас мамандары үшін

өнеге. Болашақта дипломат болатын жас тәлімгерлеріміз Қанат Бекмырзаұлын өздеріне үлгі тұтады, қастерлейді.

Саңлақ дипломат Қанат Бекмырзаұлы көшбасшылық дәріс барысында Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы қазақ дипломатиясының өзекті мәселелерін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалай шешкені жайлы біз білмеген жаңа да тың ақпараттармен бөлісті. Өзінің еліміздің АҚШ және Ұлыбританиядағы төтенше және өкілетті елшісі болғандағы жағдаяттарға қатысты тәжірибесін айтып өтті. Сонымен қатар Қазақстанның дипломатиядағы болашағынан зор үміт күтетінін жеткізді.

Сырым ПАРПИЕВ,
PhD докторы,
халықаралық қатынастар
факультеті деканының
ғылыми-инновациялық
жұмыс және халықаралық
серіктестік
жөніндегі орынбасары



Тағылымы мол дәріс болды

Қоғам қайраткері Қанат Саудабаев тәуелсіз мемлекеттің құрылуы мен өркендеуінің алғашқы күндерінен бастап халықтар достастығы идеясында атқарған ізгілікті істер, еліміздің ішкі және сыртқы саясатын жүргізудегі жолы, Ұлт көшбасшысы – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізде бейбітшілік пен халық бірлігін нығайтуда атқарған жұмыстары жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

Мұндай дәрістер тыңдарман жас ғалымдарды болашақта өз

кәсіби қызметінде көшбасшылық пен табандылық танытуға, саяси, мәдени, білім беру мен ғылым саласында алға қойылған мақсат-міндеттерін орындауда ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін жоғары деңгейде танытуға, әлемдік қоғамдастықта еліміздің татулығы мен бірлігін нығайтуға жетелейтіні анық.

Гүлнар МҰРАТБАЕВА,
Педагогика және білім беру кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

Кездесуден үлкен әсер алдым

Қоғам қайраткері Қанат Саудабаевпен кездесу барысында еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көшбасшылық қасиеттерін, бұрынғы посткеңестік кеңістік елдерімен, әлемнің басқа да мемлекеттерімен достық қарым-қатынастарды нығайту мен өркендету және түркі халықтары елдері арасында бейбітшілік, еңбексүйгіш қатынастарды сақтау игілігі үшін оның зор ұйымдастырушылық әлеуетін тыңдап, үлкен әсер алдым. Бүгінде бейбітшілік пен ізгіліктің, Достастық елдерінің бауырлас бірлігінің орталығы болған Астана қаласы құрылысының тарихи құндылығын мақтанышпен айтуға болады.

Дәріс соңында Қанат Бекмырзаұлы жас ғалымдарға ғылым мен білімді дамыту, ел игілігі үшін елімізді мекендейтін барлық этностардың өмірі мен ұлттық идеяларын біріктіру мақсатында еңбек ету, тәуелсіз мемлекеттің экономикасын, сыртқы саясатын, Достастық елдерімен әлеуметтік-мәдени қатынастарын дамытуға қамқорлық көрсету саласында суранысқа ие болашақ маманға тиесілі құзыреттіліктер мен біліктілікті жоғары деңгейде меңгеруіне сәттілік тіледі.

Ақбота АЖИРОВА,
«Педагогика және психология» мамандығының 1-курс магистранты

Еркін болу – қай кезде де баға жетпес қазына. Бұл күнге жету жолында ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз жан алысып, жан берісті, соңғы демдері таусылғанша азаттық жолында айқасты. Дұшпандарын күйіндіріп, достарын сүйіндіріп келген Тәуелсіздік таңы барша қазақтың сөнген үмітінің қайта жанған күні болды. Бұл тәуелсіздіктің артында асыл арманы бостандық болған бабалардың қаны, аналардың жасы жасырылған. Сондықтан да тәуелсіздікті қаншама азап пен төзімнің, еркіндікті аңсап өткен боздақтарымыздың өтеуі деп білеміз.

Еліміздің көгінде тәуелсіздіктің көк туының желбіреуі бізге орасан зор мүмкіндіктер сыйлап, болашаққа нақты мақсатпен бет бұрдық. Сол арқылы алғашқы онжылдық кезеңінде еліміздің іргетасы берік қаланып, басқару

биология және биотехнология факультеті Молекулалық биология және генетика кафедрасына тоқталып өткіміз келеді.

Дарвинизм және генетика кафедрасы 1948 жылы құрылған. «Молекулалық биология» маман-



Гүлфайруз ШӘЛТЕНБАЙ



Ақсерке СЕРБАЕВА

теріне арналған халықаралық тағылымдама бағдарламасы аясында (IAESTE) шетелдік студенттер үшін жазғы мектепке қатысты.

Молекулалық биология және генетика кафедрасында ағылшын тіліндегі басылымдарды көбейту бойынша жұмыстар жасалында. Кафедра оқытушылары кәсіби білімдерін үнемі ағылшын тілінде жетілдіріп отырады, соның ішінде алыс шетелдерде өткізілетін халықаралық конференцияларға үнемі қатысып, сондай-ақ ағылшын тілінде мақалалар жариялап отырады. 2020/21 оқу жылында кафедра оқытушылары ағылшын тілінде 26 мақала жариялады.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарын жетілдіру үшін кафедра үнемі молекулалық биология, генетика, өсіру, экология мәселелері бойынша ғылыми семинарлар өткізеді. Кафедраның магистранттары мен докторанттары өздерінің ғылыми зерттеулерінің соңғы жетістіктері мен нәтижелері, соның ішінде халықаралық деңгейдегі жұмыстарының жетістіктері, соңғы мақсатқа жету тәсілдері туралы үнемі есеп береді.

Өткен жылы ақпан айында Молекулалық биология және генетика кафедрасының студенттері мен түлектері үшін көпжылдық жұмыс беруші және практика базасы болып табылатын ҚР БФМ Жалпы генетика және цитология институты базасында филиал ұйымдастырылды. Университет пен ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін 2019 жылдың 23 қыркүйегінде ректораттың кеңейтілген отырысында б.ғ.д., профессор З.Айташева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал PhD А.Ловинская «Үздік жас ғалым – 2019» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.

Бірлескен зерттеулер мен қосдипломды білім беру бойынша ЖОО серіктестерімен жұмыс атқарылып келеді. Кафедра жақын және алыс шетелдердің ғылыми орталықтарымен және оқу орындарымен тығыз байланыста. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында оқытушылар жақын және алыс шетелдерде ғылыми тағылымдамалар өтеді, лекциялар оқуға және практикалық сабақтар өткізуге, бірлескен мақалаларды жариялауға шетелдік ғалымдар шақырылады.

Бүгінгі сәтте кафедраның көптеген түлектері отандық және шетелдік (АҚШ, Египет, Франция, Ұлыбритания және т.б.) түрлі ғылым мен білім саласында өздерін өте жоғары деңгейде көрсетіп жүр.

Осындай жетістіктерге жетіп, білім мен ғылымның алғы шепте дамуы тәуелсіздігіміздің арқасында деуге толық негіз бар. Өз еліміздің атынан әлемдік арена-ларға шығып, тәуелсіз Қазақстанды жақсы жағынан таныта білуге, түрлі додаларда көк байрағымызды биікте желбіретуге тырысуға жастарды баулу – біздің, яғни оқытушылардың міндеті.

**Гүлфайруз ШӘЛТЕНБАЙ,
Ақсерке СЕРБАЕВА,**

Биология және биотехнология факультеті Молекулалық биология және генетика кафедрасының оқытушылары

Тәуелсіздік – білім мен ғылымның дамуына бастар жол

жүйесі қалыптасты. Ата заңымыз қабылданып, алыс-жақын шетелдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, белді халықаралық ұйымдардың мүшесіне айналды. Тәуелсіздігіміздің екінші кезеңінде еліміздің әлеуметтік жағдайы біршама жоғарылап, аяғынан нық тұра бастады. Керемет кеңейіп, тереземіз өзге де дамушы елдермен теңесе бастады. Келесі кезеңде өсіп-өркендеп, дамыған алғашқы отыз елдің құрамына енді мақсат етті. Осы жолда саяси және әлеуметтік реформалармен бірге рухани жаңғыру жолында нәтижелі жұмыстар атқарылды. Яғни осы үш кезеңді қорытындыласақ, Қазақстан Республикасы – осыдан тура үш жыл алдын тәуелсіздіктің бесігінде тербелген кішкентай ғана сәби болса, бүгінде орда бұзар жасқа келіп отырған, әлемдік тарих сахнасында өз орны бар зайырлы, демократиялық мемлекет.

Отаршылдық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, яғни ана тілімізден, ата-бабадан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Мұның барлығы егемен еліміздің тәуелсіздігінің арқасында бізге қайта оралды. Алайда ұлт пен ел болып тарих сахнасында сақталып қалу үшін қазіргі және келешек ұрпақ жаңа сынақтар мен түрлі сын-қатерлерге дайын болуы шарт.

Қай кезеңде де «Адам мен адам бір-бірінен ақыл, білім мен ғылым, ар-ожданмен озбақ, ал қалған нәрсемен оздым деу – ақымақтық», – деп хакім Абайдың өзі айтып кеткендей, ел дамуының алғышарттарының бірі әрі бірегейі – білім саласы. Білім беру саласында алғы шепте тұратын оқу орны, ол – әрине, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы кездейсоқ білім ордасы ТОП-200 құрамында. Ұлттық және жалпы халықтар арасындағы нарықтық бәсекеге қабілетті, негізгі сұранысы жоғары мамандар даярлау арқылы сапалы, білікті азаматтарды қалыптастыруды басты міндеті деп білетін білім ордасының қоғамның тұрақты дамуына қосып отырған үлесі орасан. Осы орайда, өзіміз қызмет атқаратын

дығының ашылуымен, сонымен қатар университеттегі жаңа ашылуларға байланысты кафедра атауы 1987 жылы Генетика және молекулалық биология кафедрасы деп өзгертілді. Кафедра меңгерушісі – б.ғ.к., доцент м.а. Ж.Жүнісбаева.

Молекулалық биология және генетика кафедрасы басты назарға сапалы білім, тәрбие мен әлеуметтік жұмысты жақсартуға, жаңа ақпараттық технологияларды енгізіп, осы арқылы жастардың еліміздің дамуына үлесін қосуға септігін тигізеді.

Кафедра оқытушыларының дәрістерін және тәжірибелік сабақтарын өткізу кезінде оқу материалдарын көрсетуге қажетті кафедрада компьютерге қосылған стационарлық проекторлар бар. Жыл сайын кафедрада бар оқулықтардың, оқу-әдістемелік әдебиеттердің электрондық базасы, сондай-ақ базалық және кейбір элективті пәндер бойынша видеодәрістер түріндегі мәліметтер жаңартылып отырады. Оқытушы А.Жүсіпова «Молекулалық биология» пәні бойынша MOOK (жалпы онлайн курс) дайындады.

ҚР БФМ ФК Жалпы генетика және цитология институты базасында кафедра филиалы ашылды (бұйрық №50 14.02.2020 ж.). Филиал құрудың мақсаты – білім, ғылым және өндірістің жоғары білікті кадрларды даярлаудың маңызды шарты ретінде қарастыру, сонымен қатар білім беру процесінде институттың зияткерлік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстарымен институт өкілдерін кадр даярлауға қатыстыру, университетте институт үшін жас мамандарды даярлауды жүзеге асыру, институтты кадрлармен және жоғары білікті мамандармен тиімді қамтамасыз ету; мамандықтар мен бағыттарды дайындау шеңберінде оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету, қосымша білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ тиісті сала экономикасына инновацияларды енгізу бағыттары бойынша магистратура мен докторантураның ғылыми мамандықтарын енгізу.

Педагогикалық тәжірибемен алмасу және оқу процесін жақ-

сарту үшін кафедра оқытушылары жалпы кафедрамен факультет деңгейінде өзара сабаққа қатысулары белсенді болды. Жыл сайын кафедра оқытушылары оқытудың жаңа технологияларын, оқытудың интерактивті әдістерін оқу процесіне енгізеді және оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес, кафедрада ашық сабақтар өткізіп, бір-біріне қатысады. Оқытылатын пәндердің ПОӘК оқытудың инновациялық технологияларын (case-study, интерактивті оқыту, проблемалық-бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, жобалық-ұйымдастырылған тәсілдер) қолдану арқылы құрастырылған.

Ғылыми-инновациялық жұмыс бойынша жасалынып жатқан жұмыстарға тоқталып өтер болсақ, 2020/21 оқу жылында кафедрада 50 млн теңгеге алты іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылды. Бұл жобалардың ғылыми жетекшілері кафедраның жетекші оқытушылары, сонымен қатар жас PhD докторлары, атап айтар болсақ: б.ғ.д., академик А.Бисенбаев (бір жоба), б.ғ.д., профессор А.Бигалиев (бір жоба), б.ғ.д., профессор а.қ. Н.Өмірбекова (бір жоба); қос жетекші – PhD А.Жүсіпова), б.ғ.к., доцент З.Бияшева (бір жоба), А.Ловинская, PhD-1,

Қай кезеңде де «Адам мен адам бір-бірінен ақыл, білім мен ғылым, ар-ожданмен озбақ, ал қалған нәрсемен оздым деу – ақымақтық», – деп хакім Абайдың өзі айтып кеткендей, ел дамуының алғышарттарының бірі әрі бірегейі – білім саласы. Білім беру саласында алғы шепте тұратын оқу орны, ол – әрине, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы кездейсоқ білім ордасы ТОП-200 құрамында. Ұлттық және жалпы халықтар арасындағы нарықтық бәсекеге қабілетті, негізгі сұранысы жоғары мамандар даярлау арқылы сапалы, білікті азаматтарды қалыптастыруды басты міндеті деп білетін білім ордасының қоғамның тұрақты дамуына қосып отырған үлесі орасан.

С.Тайпақова, PhD-1. Ал студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына, СФЗЖ жұмысына тарту бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыруға кафедрада маманданған студенттер, магистранттар мен докторанттар белсенді қатысады.

Екі докторант халықаралық жобаларға қатысты: Жүсіпбек Мұқатаев (Separating autoimmunity and anti-tumor immunity, Ұлттық денсаулық институты, АҚШ); Нұрай Оңғарбаев (Molecular characterization of swine influenza viruses circulating in different regions in Kazakhstan and comparison with contemporary human influenza viruses, Халықаралық ғылыми-техникалық орталық, МНТЦ). 2020 жылы «Биотехнология» мамандығының 2-курс докторанттары ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өтті: Кира Беспалова Хельсинки университетінде, Финляндия; Ләззат Мусралина Макса Планк адамзат тарихы зерттеу институтында, Германия (неміс жағынан қаржыландырылды); Мақпал Амандықова – Ұлттық генетика институты, Жапония. Бакалавр Алтын Журалиева, докторант Озада Хамдиева FEBS OPEN BIO-ға қатысты (Краков, Польша, 2019). Yildiz Melih (Түркия) техникалық мамандықтар студент-

Бәсекеге қабілетті болу үшін білім беру бағдарламасы ғана емес, тәжірибе жасайтын құрал-жабдықтардың сапасы мен құрылымы да аса маңызды. ҚазҰУ ғалымдары мектеп қабырғасындағы оқушылар үшін электрлі-магниттік құбылыстардың негізін зерттеуге арналған инновациялық бағдарламалық-аппараттық комплекс жасап шығарды.

сияқты бірқатар талассыз артықшылықтарға ие. Мұндай құрылғылармен орта мектептер мен колледждерді жабдықтау салыстырмалы түрде арзан бағаға түседі. Физика пәнінің мұғалімі сондай-ақ бұл кешеннің көмегі-

баға беремін және болашақта қажетті орындарда кең қолданыс табатынына сенімді мол», – дейді Мәулетбек Сламия.

Сонымен бірге аппараттық кешен Алматы, Шымкент қалаларындағы көптеген көрмелерде

жаңартып, өзгерістер енгіздік. Аппараттың алғашқы нұсқаларында қуат көзі ретінде қорғасыннан жасалған батареялар болса, соңғы үлгілерінде литий қолданылады. Қазіргі таңда қазақстандық мектептердегі физи-

Барлығы біреуінде:

Электрлі-магниттік құбылыстарды оқытуға арналған көмекші құрал

Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Асқар Жүнісбековтің айтуынша, жобаны жүзеге асырудағы негізгі мақсат мектептерге заманауи үлгіде, ыңғайлы әрі қауіпсіз оқу құрал-жабдықтарын ұсыну болған. Өйткені көптеген білім ошақтарында әлі күнге дейін физика пәнінен тәжірибе жұмыстарын жасау үшін Кеңес өкіметінен қалған, тозығы жеткен құрылғыларды пайдаланады.

– Жаңа жабдықтардың өзі шет мемлекеттерден, оның ішінде Ресей, Қытай және Үндістаннан келеді. Соңғы екі елдің технологиясы біздің стандарттарға сай емес, ал ресейлік құрылғылар отандық өнімге қарағанда үш-төрт есе қымбаттау. Сол себепті импорттық үлгіден арзан, ыңғайлы өнім даярлау туралы шешім қабылдадық. Біз ұсынып отырған аппарат отандық стандартқа сай. Оның бір ерекшелігі – оқу бағдарламасындағы талаптарға лайықтап өзгерістер енгізе аламыз. Физикалық заңдылықтар өзгермейтін бәсебеден белгілі, бірақ сабақ беру барысындағы әдістемелер өзгеруі мүмкін, сондай жағдайда мемлекеттік талапты ескеріп, аппарат құрылымын қайта жасақтаймыз, – дейді ол.

Ғалымның айтуынша, бұрын физика пәнін оқыту барысында әр тақырыптың тәжірибелік жұмыстарына арналған өзінің кішігірім шабаданы болған. Ал ҚазҰУ ғалымдары сол жиырмадан астам жұмыстың барлығын бір құрылғының ішіне сыйғызып, аппараттық кешен құрастырып шыққан. – Мәселен, осы бір ғана аппарат арқылы кернеу, тоқ күші, кедергі мен оның параллель және тізбектік деп аталатын түрлерін, қуат секілді электрлік құбылыстарды өлшеуге болады. Бағдарламалық-аппараттық комплекс шағын. Ішінде батареясы болғандықтан, тоқ көзіне жалғауды қажет етпейді. Адам өміріне қауіп тудыратын кернеу жоқ, сол себепті балалардың қауіпсіздігі үшін аландаудың қажеті жоқ. Өйткені оқушылар тәжірибе барысында қателіктер жіберсе де, тоқтан зардап шекпейді. Сонымен бірге үлкен және кіші зарядтан, қысқа тұйықталудан қорғаудың жолдары қарастырылған, – дейді Асқар Тұрысулы.

Құрылғы қолданысқа шықпаса бұрын, ҚазҰУ зертханасында сынақтан өткен. Ал аппараттың дұрыс жұмыс жасайтынына көз

жеткізген ғылыми топ өкілдері мектептерге пилоттық нұсқаларын үлестіреді. Солардың қатарында М.Базарбаев атындағы №138 гимназия да бар. Аталмыш білім ордасының физика пәні мұғалімі Мәулетбек Сламияның айтуынша, жасақталған кешеннің ақпараттық технологиялармен интеграциялау мүмкіндіктері бар.

– Жасақталған кешен мектеп (колледж) физикасы курсында электр және магнетизм құбылыстарының негіздерін оқып зерттеуге арналған. Электр және магнетизмнің, оның ішінде электр-магниттік тізбектердегі процестерді және заңдарды көрнекі демонстрациялау, аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы қолданудың заманауи тәсілі, сонымен қатар ақпараттық технологиялармен интеграциялау мүмкіндіктері бар. Мысалы, сызықты емес элементтердің вольтамперлік сипаттамасын алу және оны автоматты түрде дербес компьютерде (ноутбук, планшет) графикалық кескіндеп, анализ жасау мүмкіндігі осы жердегі физикалық процестерді тамаша сипаттауға ыңғайлы. Аппараттық-бағдарламалық зерттеу кешенінің құрамына кіретін элементтермен функционалды генератордың мүмкіндігіне қарай бұл кешенді электроника және радиопизикаға кіріспе сабағындағы қарапайым сызықты емес, процестерді зерттеуге болады. Бұл кешенді қолдану бағытының кеңейе түсетінін көрсетеді. Сонымен қатар қосымша элементтер мен аспаптар пайдалана отырып, кешеннің жұмыс ауқымын тағы да арттыра аламыз. Менің ойымша, зертханалық кешен оқу процесінде таптырмайтын қолданбалы құрал, – дейді ол.

Зерттеу кешені ықшамдық, ұтқырлық және автономдық



Электрлі-магниттік құбылыстарды оқытуға арналған инновациялық комплекс. Осы бір ғана аппарат арқылы кернеу, тоқ күші, кедергі мен оның параллель және тізбектік деп аталатын түрлерін, қуат секілді электрлік құбылыстарды өлшеуге болады. Бағдарламалық-аппараттық комплекс шағын. Ішінде батареясы болғандықтан, тоқ көзіне жалғауды қажет етпейді. Адам өміріне қауіп тудыратын кернеу жоқ, сол себепті балалардың қауіпсіздігі үшін аландаудың қажеті жоқ. Өйткені оқушылар тәжірибе барысында қателіктер жіберсе де, тоқтан зардап шекпейді.

мен оқушының үйіне, ауруханаға барып сабақ өткізу қиындық тудырмайтынын сөз етті. «Осы орайда қарастырылып отырған аппараттық-бағдарламалық зерттеу кешенінің жұмысына оң

ұстаздарға кеңінен таныстырылған. Асқар Тұрысулы ол тараптан да құрылғыны одан әрі жетілдіруге қатысты бірнеше ұсыныстар болғанын айтты.

– Соның негізінде дизайнын

кабинеттеріне 100 мың дана осындай зертханалық құрылғы қажет. Жылына кем дегенде 1000 данасын шығарып отырсақ, жобаның өзін ақтауына толық жеткілікті болар еді. Бұл жобаның экспорттық потенциалы бар деуге болады. Мәселен, Кедендік одақа мүше елдердің арасында қырғыз бауырларымыз бен Армения мемлекетіндегі оқу бағдарламасы бізге ұқсас, – дейді институт маманы.

Асқар Тұрысулының айтуынша, физика фундаменталды ғылым болғандықтан, оның заңдылықтары Еуразияда да, Африкада да өзгермек емес. Бірақ физиканы оқыту әдістемесінде өзгешеліктер болуы мүмкін. Мәселен, батыс елдерінде бұл пәнді тереңдетіп оқымайды. Дегенмен тәжірибе жасау барысында қолданылатын құрылғылардың принциптері бір.

– Қазіргі кезде мұндай аппараттардың цифрлық үлгілері де пайда болған. Барлығы тек экран арқылы көрсетіледі. Ал біздің нұсқамызда оқушы тізбектерді өз қолымен жасайды. Жобадағы аппараттың компьютерлік нұсқасын жасау туралы ұсыныстар келіп түскен болатын. Осыған дейінгі аппаратты біз нарыққа 158 мың теңге көлемінде шығардық. Өзіндік құны 100 мың теңгеден аспайды. Одан қымбаттау нұсқасында экран мен кішігірім компьютер орналасқан. Оның бағасы – 225 мың теңге. Бірақ мектептерде қарапайым нұсқаны пайдаланғанды жөн санайды, – дейді ол.

Маманның айтуынша, Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының мамандары аппараттық комплекске қажетті жинақ панелі секілді жұмыстарды өздері жасайды. Ал сандық мультиметр секілді қосымша құрылғыларды шетелден алуға тура келеді. Ол тоқтың кернеуін, күшін, қуатын өлшейді.

– Бастапқы кезеңде бұл жоба университеттегі ғылыми-технологиялық парк зертханасында зерттеулер нәтижесінде пайда болған ғылыми жоба еді. Коммерцияландыру мақсатында «Ғылым қоры» арқылы үш жылдық мерзімге мемлекеттік грант бөлінді. Бұл қаражатқа кішігірім көлемде өндіріс цехын ұйымдастырдық. Жобаның интеллектуалдық потенциалы жоғары. Сондықтан зертханамызда жас ғалымдардың осындай жұмыстарды жүзеге асырып жатқаны біз үшін үлкен мақтаныш, – дейді Асқар Жүнісбеков.

Түркияның Ыстамбұл қаласында Түркі кеңесінің «Тұғырлы тарихы бар жарқын болашақ» медиафорумы өтті.

Түркі кеңесі – түркітілдес мемлекеттерді біріктіретін халықаралық ұйым. Тамырын 2009 жылдан алатын ұйымға Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдері мүше. Түрікменстан Түркі кеңесіне әлеуетті мүше мемлекет болып саналса, Мажарстан – бақылаушы мемлекет. Бұған дейін Түркия елінен Халил Ақынжы және Әзірбайжаннан Рамиль Гасанов Түркі кеңесінің бас хатшылары болса, қазіргі таңда бұл міндетті Қазақстаннан Бағдат Әміреев атқарып отыр.

Түркия Президенті аппаратының коммуникация басқармасы төрағасы Фахреттин Алтун өз баяндамасында: «Алдымызда әділетті мағынасыздандыруға, күнсыздандыруға, елеусіздендіруге және қауымды мәдени, экономикалық және идеология жақтан бодандық астына алуға тырысқан, яғни бір сөзбен айтқанда, бір жалған индустрия бар. Біз жал-

мамандарын оқытуды ұйымдастыру және бірлескен контент құру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ медиафорумның басты тақырыбы – түркітілдес халықтардың жалпы тарихының ішінде қандай аспектілерге көңіл бөлуге болатынына тоқталды. Болашақта түсірілетін сериалдар, фильмдер

өндірісін жолға қою мен тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды. Қазақ елінде түсірілген «Томирис» фильміне туыстас түрік ағайынның ерекше ықылас білдіргенінің куәсі болдық.

– Қазақ халқының тарихи «Томирис» фильмін түрік тіліне тәржімаладым. Осы форум аясында фильмнің режиссері Ақан Сатаев пен бас кейіпкер Томирисі сомдаған актриса Альмира Тұрсынмен жүздесудің сәті түсті. Бұл мен үшін өте қуанышты жағдай. Неге десеңіз, «Томирис» жедел, қалай болса солай аударыла салатын фильм емес. Өйткені фильм якут, саха диалектінде, небір тарихи кейіпкерлердің технологиясымен жасалған, – деді Анкара қаласындағы ТРТ мемлекеттік телерадиокорпорациясының қазақ тілі редакциясының қызметкері Уфук Тузман. Жақын арада «Томирис» фильмі ТРТ мемлекеттік түрік телеарнасында көрсетілетін.

– Мажарстан Түркі кеңесі жұмыстарына бақылаушы ретінде қатысып отыр. Венгр халқы жалпы түрік дүниесінің ортасынан шыққаны кейде ескеріле бермейді. Түркілермен ғасырлар бойы бірге өмір сүрген көшпелі халық Еуропаның ортасына көшіп барып, қоныс тепкен. Біраз уақыт сол бірлігіміз үзіліп қалды. Қазір бұрынғы бірлігімізді қайтадан жандандырып, қалпына келтіру үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бәріміз де осы саясатты қолдап, мүмкіндігінше көмектесіп келеміз, – деді Венгрия Ғылым академиясының аға ғылыми қызметкері, түрколог ғалым Дәуіт Сомфай Қара.

– Венгрияда мажарлармен бірге, қыпшақтар да XIII ғасырдан бері өмір сүріп келеді. Қазақтарда да қыпшақ деген ру бар. Өкінішке қарай, Венгрияда қыпшақ тілі ұмытылып кеткен. Біздің ата-бабамыздың тіліне ең жақын үш тіл бар: олар – қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері. Біз бір-бірімізді өте жақсы түсінетін едік. Өкініштісі, Мажарстандағы қыпшақтар өз тілінен айырылып қалды. Түркі халықтары бірлікте болсақ, бәлкім, Мажарстандағы қыпшақтар да қазақтардан өз ата-бабаларының тілін үйреніп алады деп үміттенемін.

Түркі кеңесіне мүше мемлекеттерден медиафорумға 350-ден астам БАҚ өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, киноиндустрия, мемлекеттік органдардың өкілдері, белгілі блогерлер мен журналистика факультетінің студенттері қатысты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары Дандай Ысқақұлы, Сансызбай Мәдиев, Айгүл Рамазан, Айнұр Сләмағжы және журналистика факультетінің студенттері Әзімбек Қойлыбай мен Алина Төрехан да медиафорумға қатысып, түркітілдес елдердің рухани байланысын жақсарту мақсатында ұйымдастырылған шарадан үлкен ой түйіп қайтты.

Медиафорумға қатысушылар ТРТ мемлекеттік телерадиокорпорациясының сериалдар түсіру альянсымен танысып, Босфор бұғазына саяхаттап, Аяя Софья мешітінде болды.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Алматы – Ыстамбұл – Алматы

Түркілік ақпарат кеңістігі қанат жайып келеді



Түркі кеңесі медиафорумына қатысушыларға Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанның өзі арнайы құттықтау бейнеролигін жолдауынан бұл іс-шараның қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Медиафорумда арнайы сөз сөйлеген Түркі кеңесінің бас хатшысы Бағдат Әміреев түркі әлемінің ғасырлардан бері саяси, географиялық, идеологиялық және мәдени жағынан маңызды екенін айтты. «Қазір тарихта бірінші рет түркі әлемі ретінде ортақ саясаты, географиясы, мүдделері, мақсат-

тары және ортақ ақпарат алаңымен бірлесіп, біртұтас қозғалатын жағдайға келді. Бүгінде маңызды күш ретінде біртұтас түркі әлемі туралы айтуға болады», – деді ол. Сондай-ақ бас хатшы Түркиядан өзге мүше елдер биыл Тәуелсіздіктерінің 30 жылдығын тойлап жатқанын еске салып, осы шеңберде елдеріміздің тәуелсіздіктерін бірінші болып мойындаған Туркияда осындай форум ұйымдастырылуы 12 қараша күні Ыстамбұлда болатын Түркі кеңесінің VIII Лидерлер саммиті қарсаңында маңызды екеніне тоқталды.



ғанға және дезинформацияға қарсы шындықтың жағында болуды моральдық қағидаларымыздың дәстүрі ретінде қараудамыз», – деді. Сондай-ақ ол: «Осы таңда біздің міндетіміз – Түркі кеңесі ретінде цифрлық фашизмге, алпауыт империализмге және мәдени жалған индустрияға қарсы таралым каналдарымызды күшейту. Осы тұрғыдан алғанда Түркі әлемінің болашағы үшін күрес жүргізуіміз керек», – деді.

Қазақстандық делегацияны бастап барған Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Кемелбек Ойшыбаев медиа саласы

болсын, солардың ішінде қандай маңызды мәселелерді шешуге болатынына осы форумда жан-жақты сараптама жасалғанын айтты. Еліміздің саяси-экономикалық және мәдени жетістіктеріне тоқтала отырып, медиа саласындағы жаңалықтарымен бөлісті. Түркітілдес мемлекеттердің медианарығында алдағы уақытта ынтымақтастықты нығайту үшін қандай шараларды қолға алу керектігін айтып өтті. Телеарналардың бір-бірімен тәжірибе алмасу жайы сөз болды.

Түркі кеңесі медиафорумының бірінші күнінде сериалдар

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, сынышы:

– Сәкен Сейфуллин 1926 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті» кітабында: «Біз осындай ұлы халық едік. Ақсақ Темірдің, Тоқтамыс ханның, Едігеннің билікке таласуы салдарынан қайта-қайта соғыса беріп, түркі әлемі әлсіреді. Әбден әлсіреген кезде орыстар келіп, Астраханның түбін кесіп тастады. Түркі әлемінің бел омыртқасы үзіліп түскендей болды. Түркия мен Әзірбайжан батыста, денесі Орта Азияда қалып қойды. Содан бері Түркі әлемі есін жия алмай келеді», – дейді.

Өткен ғасырдың соңында КСРО империясы құлаған кезде Түркі әлемі тарих сахнасына қайта шықты. Соның бірі – осы түркілік бірлік мәселесі. Бірлік мәселесі көп айтылады, бірақ сол бірлікке қол жеткізе алмай келеміз. Кімнің сөзі, идеясы басым, кім ақпаратқа ие – сол әлемді билейді. Ұзақ уақыт бойы біздің санамызды орыстың сөзі мен идеялары билеп келді. Түркі әлемін, түркішілдікті жоққа шығару үшін біздің санамызды өзгерту. Тәуелсіздік алғалы қайтадан өз қалтымызға келе бастадық. Бірақ әлі күнге дейін шешілмей жатқан мәселелер көп.

Осы жиында Қырғызстанның жағдайы айтылды, Қырғыз татарларының жайы сөз болды. Мысалы, Қазақстанның жағдайын айтар болсақ, еліміз тәуелсіздік алған кезде халқының 38-ақ пайызы қазақтар болды. Халықтың басым бөлігі орыс тілінде сөйледі. Астанамыз Алматыда бір ғана қазақ орта мектебі бар еді. Егемен ел болғаннан кейін көптеген жетістіктерге жеттік. Дегенмен ұлттық санамыз әлі күнге дейін түркілік деңгейге жете қойған жоқ. Түркілік ақпарат кеңістігі әлі өзінің лайықты орнын ала алмай жатыр.

Түркі әлемі деген тұтас бір қоғамдық ұйым керек. Түркілік ұлттық құндылықтарды, түркілік рухты насихаттайтын, аз ұлттарға көмектесетін, Ресей, Қытай, Иран, Ауғанстан, тағы басқа мемлекеттерде өз тілін, әдет-ғұрпын ұмытып кеткен бауырларымызды қорғайтын, соларға рухани көмектесетін түркілік әлем ұйымын құру керек. Өзіміздің ұлы халық екенімізді, қолымыздан көп нәрсе келетінін дәлелдеуге тиісіз. Жаһандану заманының сұрқы жаман. Әр екі аптада бір тіл, бір ұлт жойылып жатыр. Соның ішінде түркітестес халықтар да бар. Соларды сақтап қалу үшін де біз бірігуіміз керек.

Сансызбай МӘДИЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы:

– Өткен ғасырдың 30-жылдары Әзірбайжанда түркі елінің тіл мамандарын жинап, үлкен конференция өткізгенде ұлы ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұв төбесі көкке жеткендей болған. Қазақ елінің мерейі өсіп, басымыз қосылатын болды деп үміттенген. Міне, қазір бүкіл түркі дүниесінің баспасөз құралдарының басын қосып, бәріміз бірігіп келелі мәселелерді шешуге талаптануымыз өте құптарлық жәйт. Бұл ретте Түркі кеңесінің төрағасы ретінде Бағдат Әміреевтің де сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Алдағы уақытта осындай басқосу әлі де дами түседі деп ойлаймын. Бұл жиында қатысқан адамдардың әрқайсысының өзіндік салмағы бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен қатысқан ғалымдар, магистрант-докторанттар өте ерекше сезімде болумен қатар, қаниама елден келген әріптестерімен байланысын нығайта түсті. Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан мен Мажарстанның оқытушы-профессорларымен алдағы уақытта тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз деп ойлаймын.

Екіншіден, бұл жиында үлкен мәселелер қозғалды. Түркітілдес мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдарына бұрынсоңды болмаған серпіліс тудыруға жағдай жасалды. Қазіргі таңда түркі елдерінде, жалпы, мұсылман елдерінде болып жатқан жағдайларды бұрмалау, тіпті көпе-көрінеу қаралау әлемде белең алып тұрғаны рас. БАҚ-тың өтірік ақпарат таратуға бейімделгені социалдық – тіпті тұтас бір мемлекеттерді жоқ қылып жатыр. Мұндай жағдайда «Жалғыздың үні шықпаса, жаяудың шаңы шықпаса» демекші, бірлі-жарым болып, жеке-дара ештеңе бітіре алмаймыз. Сол үшін түркітілдес халықтар бірігіп, осындай жағдайларға тосқауыл қоятын болсақ, болашағымыз жарқын болары сөзсіз. Мысалы, Әзірбайжандағы Таулы Қарабақта болған қақтығыстың өзі көп нәрсе көзімізді жеткізді. Таулы Қарабақ оқиғасы осы өтіп жатқан медиафорумда көп айтылды. Мұндай жағдай кез келген мемлекеттің басында болуы мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта БАҚ-тың басын біріктіріп, әлемде шындықпен ғана атымыз шыққан халық ретінде ақиқат ақпаратты таратуға барымызды салуымыз керек. Жалпы, медиафорумның үлкен әсері болды.

Преподаватели КазНУ прошли стажировку

КазНУ имени Аль-Фараби отправил в университет Antalya Bilim University преподавателей на курсы повышения квалификации «Турецкая система высшего образования».



Участников семинара (50 человек) тепло встретили турецкие коллеги. Большое впечатление на делегацию КазНУ произвел современный кампус университета, библиотека и живописный сад, в котором растут и плодоносят около 1000 гранатовых деревьев, столовая, аудитории, лаборатории и мечеть на территории вуза. При вузе создан технопарк, который реализует инновационные проекты для поддержания и развития экономики страны.

С приветственной речью к преподавателям КазНУ имени Аль-Фараби обратился ректор Antalya Bilim University, профессор Исмаил Йуксел, отметив важность сотрудничества с ведущим казахстанским университетом, который занимает 175 место в рейтинге QS и входит в топ-200 мировых вузов. Ректор ознакомил участников с деятельностью вуза, рассказал о специфике организации учебного процесса, провел тренинг. В своем выступлении он также затронул тему инновационных разработок. А в ходе обсуждения подчеркнул, что современное образование требует нового подхода к обучению и разработки новейших методик, отвечающих текущим реалиям времени. Как сказал спикер, необходимо сохранить классическое образование и связать его с передовыми технологиями, ко-

торыми пользуется каждый обучающийся. «Для повышения качества каждому студенту нужен индивидуальный подход, нельзя требовать от всех одинаковых решений», – сказал профессор Исмаил Йуксел. В качестве спикера на тренинге выступил также проректор Antalya Bilim University Хамза Кандур, рассказав о новшествах в сфере науки и образования Турции и университета. Следует отметить, что студенты КазНУ ежегодно выезжают за рубеж для получения дополнительных знаний и навыков по разным специальностям. Так, в 2021 году более 100 студентов КазНУ прошли стажировку по специальности «туризм и гостиничный бизнес» в сети гостиниц Rixos в Турции.

По мнению профессора факультета биологии и биотехнологии Бирликбая Есжанова, тренинги в Турции, организованные руководством КазНУ для преподавателей и молодых ученых, являются большой поддержкой и дают огромную мотивацию для дальнейшего развития, повышения квалификации и профессионализма. В процессе обучения у участников рождаются интересные идеи и инсайты. Так, преподаватели естественных наук

предложили турецкой стороне совместно реализовать академические и научные проекты.

Посещение тренингов ведущих профессоров Антальяского университета дают возможность изучения не только специфики учебного процесса Турции, но и способствуют приобретению практических навыков посредством передачи знаний и опыта. «Данный тренинг и комплексная программа для нас очень познавательны. Мы выражаем благодарность ректору нашего университета Жансену Туймебаеву за его идею и предоставленную нам возможность изучить опыт и передовую практику Antalya Bilim University», – поделился своим мнением, доцент филологического факультета Шокан Шортанбаев.

Участники и спикеры также обсудили вопросы реализации программы двухдипломного образования, публикации совместных научных статей, академической мобильности студентов и преподавателей между вузами.

В завершение курсов повышения квалификации участникам вручили международные сертификаты.

Гуль БАЯНДИНА

Группой исследователей факультета химии и химических технологий КазНУ им.аль-Фараби проводятся исследования по разработке фотокатализаторов на основе гетероструктурных наноконпозитов, впервые полученных механохимическим способом.

Водород из солнечной энергии

Как известно, водородная технология активно развивается во всем мире, и в ее развитие сегодня инвестируют практически все крупные компании из области автопроизводства и электротехники. Фотокатализаторы для получения водорода разрабатываются в лабораториях самых лучших университетов мира. Все эти факты показывают важность исследований в области развития фотокаталитического получения водорода с использованием солнечной энергии. По мнению разработчиков, реализация подобных проектов увеличит конкурентоспособность науки Казахстана в области исследования возобновляемой энергетики, которая является одним из важных вопросов человечества.

Мировые запасы нефти, газа и угля ограничены, а интенсивность их добычи растет с каждым годом. Несмотря на преимущества ядерной энергии, многие страны отказываются от ее использования в целях безопасности. Дефицит носителей энергии стимулирует поиск новых ее источников. Практическим неисчерпаемым источником энергии является – энергия солнца. Существующие технологии по превращению солнечной энергии в химическое сырье требуют существенного развития.

Проектная работа исследователей-химиков направлена на разработку эффективных фотокатализаторов для преобразования солнечной энергии в возобновляемый водород, для каждого из которых будет рассчитан коэффициент эффективности превращения энергии света в химическую энергию, в виде водорода, который в свою очередь является чистым химическим сырьем. Для фотокаталитического синтеза водорода будут использованы не только активно используемые на сегодняшний день водные растворы глицирина и триэтанолamina, но и природные масла растительного происхождения.

Разработанная технология твердофазного механохимического синтеза фотокатализаторов является экономический рентабельной и экономический выгодной по сравнению с другими методами получения фотокатализаторов. Поэтому полученные наноконпозиты будут иметь низкую себестоимость.

По мнению разработчиков, создаваемый ими водород в будущем станет альтернативным продуктом замены нефти, что поможет решить вопрос не бесконечных природных ресурсов.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Озвучены новые имена жертв репрессий

Вопросы политической и юридической реабилитации жертв политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления 372 восстаний на территории Казахстана в начале XX века, а также подвергнутых репрессиям внесудебными и судебными органами за участие и поддержку этих восстаний является исторической необходимостью. Важными остаются вопросы реабилитации депортированных в Казахстан народов и спецпоселенцев, представителей других народов и духовенства. В целом под жернова политических репрессий попал весь цвет казахской интеллигенции, в числе которых деятели «Алаш-Орда».

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан К. Токаева от 24 ноября 2020 года №456 «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий», под председательством Государственного секретаря Республики Казахстан К.Кушербаева, в настоящее время действует Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, в составе которой работают видные ученые КазНУ им.аль-Фараби. В течение сентября-октября при поддержке акимата города Алматы и Проектного офиса по сопровождению деятельности Госкомиссии по полной реабилитации жертв по-

литических репрессий прошли кустовые семинары по обмену информацией и опытом работы по сбору материалов в рамках поставленных задач. Руководители рабочих групп представили информацию для широкой аудитории о собранных архивных документах, проливающие свет на события того периода, были озвучены новые имена жертв политических репрессий, которые до сих пор не реабилитированы.

Шолпан Забих, доктор юридических наук, представляя промежуточную работу Рабочей группы №1 по жертвам политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе



подавления 372 восстаний, а также подвергнутых репрессиям внесудебными и судебными органами за участие и поддержку этих восстаний, отметила, что эти антисоветские восстания носили национально-освободительный характер. Они были направлены против насильственной политики коллективизации населения казахского края и изъятия у них имущества, а самое главное плодородных земель в пользу государства, что привело к голоду в 1930-1932 годах, который унес миллионы жизней. Коллективизацию в Ка-

захстане предполагалось в основном завершить весной 1932 года (за исключением кочевых и полукочевых районов). Если в 1928 году в Казахстане было коллективизировано 2% всех хозяйств, то к началу осени 1931 года в республике насчитывалось 78 районов (из 122), где коллективизацией было охвачено от 70 до 100% дворов.

По словам Забих Ш.А., на территории Алматинской области (в тот период Алматинский округ) в Каратальском районе весной 1930 года вспыхнуло народное восстание против на-

сильственной политики коллективизации. В ходе кропотливого и тщательного изучения архивно-следственных дел выявлен ряд участников восстания по Алматы, которые на сегодняшний день не реабилитированы, в их числе: Имангалиев Максуд, 1896 года рождения; Махаметчинов Сейтджарпар, 1886 года рождения; Бакеев Боза (не указан год рождения); Торгаутов Уваткан, 1900 года рождения; Болтаев Ахметжан, 1882 года рождения; Болтаев Мукуш, 1844 года рождения; Баймагамбетов Абдульда (Абдильда), 1886 года рождения; Космагамбетов Байганды, 1904 года рождения; Масакбаев Кдырбай, 1894 года рождения; Мамырбаев Сади (Сады), 1893 года рождения.

Многие участники восстания были приговорены к различным срокам тюремного заключения, отправлены в исправительно-трудовые лагеря и приговорены к высшей мере наказания – расстрелу. Некоторым участникам восстаний пришлось бежать за границу – в Китай, Монголию, Афганистан, Иран, Турцию. Предстоит дальнейшая работа по выявлению новых личностей, чьи имена до сих пор пылятся в архивах.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан тарихын зерделей қарасақ, Алаш зиялыларының еңбектері оқшаулана байқалады. Қазақ өлкесін қайта оятып, оның тәуелсіздігін қалпына келтіруге тырысқан «Алаш» партиясы және оның саяси жетекшілері мен мүшелері осы мақсатта мол еңбек атқарған.

Алаш қайраткерлерінің игі істері

Алаш зиялыларының өз уақытында болашақ елдің елтаңбасы, мөрі мен әнұраны жөнінде мәселелер көтерді. Соған орай, 1918 ж. «Қазақ» газеті «Орда гербі (таңбасы)» мақаласын жариялап, барша халықты Алашорда гербінің жобасын жасауға шақырады. Ал тарихи деректерде Алашорданың ақ және жасыл түсті тулары болғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Қалай десек те, XX ғасыр басында қалыптасқан қазақ зиялыларының бар мақсат-мүддесі тәуелсіз Қазақ мемлекетін қалпына келтіру болды. Бірақ тарихи даму үрдісіне сай, кеңестік жүйенің ықпалына түскен Алаш зиялылары автономиялық болса да, Қазақ мемлекетін құрып, оның территориялық межесін қалпына келтіру, халық сауатын ашу сынды жұмыстар атқарды. Бірақ олар большевиктер партиясының әкімшіл-әміршіл саясатының құрбаны болды. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Олар елді өркендетудің демократиялық баламасын ұсынды, бірақ ол авторитарлық үрдістер салдарынан жүзеге аспай қалды», – деп атап көрсетеді.

«Алаш» зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресі, іс-әрекеті жігерлі, ұлтжанды, нағыз патриот ел азаматтарын тәрбиелеу жолындағы негізгі қадам болып қала береді.

Қазіргі уақытта жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлт тұлғаларын құрметтеу мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп отыр. «Мәңгілік ел», «Рухани мұра», «Рухани жаңғыру» идеяларын жалпы өскелең ұрпақ арасында насихаттауда Алматы қалалық қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне арналған патриоттық іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасы аясында Педагогикалық ғылымдар академиясы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің профессор-оқытушылар құрамы көптеген игі шаралар атқарды. Ортақ идея мен мүддеге бағытталып, студенттер және оқушылармен ұйымдастырылған кездесулер саналы ұрпақ тәрбиесіне арналған игі істер болып қала бермек.

Г.ӘБИКЕНОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.



Тұғыры биік тұлға

Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Әлихан Бөкейханұлы – XX ғасыр басындағы ұлт көсемі» атты дөңгелек үстел өтті. Шара Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.



XX ғасырдың 90-жылдарында еркіндікке енді ғана аяқ басқан еліміздің алғашқы күндерінде біршама жетістікке жеткені белгілі. Алғаш тілінің, дінінің ерекшеліктерін және рухани құндылықтарды қайта жаңғыртып, қазақ ұлтының «халық жауы» атанған Алаш зиялылары ақталды. Тарих беттеріне қайта қарап, ақ пен қараны ажыратуды білдік. Нәтижесінде әкімшіл-әміршіл жүйе ықпалымен қалыптасқан тарихты қайта қарап, бұған дейін бұрмаланған мәселелерді жаңа қырынан ашып көрсетуге мүмкіндік туды.

Қазақ халқының тарихында азаттықты аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Ә.Бөкейханұлының олардан айырмашылығы – тәуелсіздік жолындағы күресті өркениетті елдердің дәстүрімен партия құрып, саяси жолмен жүргізуінде.

ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор Т.Омарбеков дөңгелек үстелде: «Тағдыры

қайғылы аяқталғанына қарамастан, Ә.Бөкейханұлы елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын ойлап, оның жарқын болашағы үшін күресті. Оның идеялық мұрасы саяси санасы толық, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет. Ұлт көсемі өз заманында жасаған жоспар-бағдарлама бүгінгі тәуелсіз Қазақ елін басқару, дамытып-өркендетуге, яғни жаңа дәуірге лайықты жасалды», – деп, ұлт көсемі туралы тағылымды пікірімен бөлісті.

Жиын барысында т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдин Ресей ҒА Сібір филиалының Тарих институтын басқарған т.ғ.д., профессор В.И.Козодойдың «Алихан Бөкейханов. Человек-эпоха» (Новосибирск, 2021) атты кітабын таныстырды.

Сонымен қатар жиынға ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Б.Кәрібаев, ҚР

ҰҒА құрметті академигі, Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Т.Омарбеков, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, т.ғ.д., профессор З.Қабылдин, ф.ғ.д., профессор А.Ісмақова, тарих факультетінің деканы, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Ноғайбаева, белгілі ақын А.Ахметбекұлы және профессор-оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының рухани мұраларын жастардың бойына сіңіру мақсатында өткен дөңгелек үстелдің тағылымы мол болды.

Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а.

Адамзат ақпарат ғасырына қадам басқан қазіргі таңда өскелең буын тәрбиешісі, рух сәулетшісі – ұстаз рөлі өлшеусіз өсті. Мұны өз университетіміздің мысалынан да айқын көріп отырмыз. Олар халықтың көкірек көзін ашып, санасына ілім-ғылымның нұр сәулесін құятын, ұрпақ бойына ұлттық және азаматтық құндылықтарды сіңіретін бірден-бір тұлға.

«Хабар» ақпараттық телеарнасының шаңырағын көтеруге атсалысып, тілшіден бағдарламаның жауапты шығарушы редакторы лауазымына дейін көтерілді. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс

ретінде іс-шараларды жүзеге асырды.

Ол Jurfak.kz сайтының жауапты редакторы бола жүріп, еліміздегі және шет мемлекеттердегі халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конферен-

Пенза мемлекеттік университеттерімен арадағы әріптестікті нығайтуға сіңірген еңбегін ерекше атауға болады. Әріптесіміз Ш.Нұржанованы мерейтойымен құттықтаған Польша – Қазақстан сауда-өнеркәсіптік палатасының төрағасы Петр Гузовский мен Польшаның Познань қаласындағы Адам Мицкевич университетінің проректоры, саяси ғылымдар докторы, профессор Тадеуш Валлас та өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Жақында Шәрипа Сыздыққызы Адам Мицкевич университетінің 100 жылдығына орай өткізілген мерейтойлық жиында баяндама жасап, аталмыш оқу орнының медалімен марапатталды.

Шәрипа Сыздыққызының шәкірттері бүгінде кең-байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінде қоғаммен байланыс және журналистика, мемлекеттік қызмет саласында еселі еңбек етуде. Ғылыми және шығармашылық ізденістерін зерделі зерттеулермен ұштастыра білген ұстаз кемел шағында. Оның алар асулары әлі алда.

Назгүл ШЫҒЫСОВА,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, профессор м.а.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті

Үнемі ізденіс үстіндегі ұстаз

Журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы, PhD Шәрипа Нұржанова осындай абзал жандардың бірі. Қарашаңырақтан 1988 жылы түлеп ұшқан, факультет ұжымына үздік оқумен, қоғамдық белсенділігімен танылып, ғылыми жұмыспен студент шағынан айналысқан талантты жас сол жылы Теле-радиожурналистика кафедрасына оқытушылық қызметке шақырылды. 1992 жылдан бастап аға оқытушы қызметін атқарған Шәрипа Сыздыққызы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің төрт айлық біліктілік арттыру институтына жіберіліп, білімін шыңдады. Сабақ бере жүріп, белгілі тележурналист Нұртөлеу Иманғалиұлы басқарған жастар бағдарламасының Бас редакциясында қосымша қызмет атқарды, «Останкино» телестудиясының 9-шы студиясының «Черный ящик» бағдарламасында бас редактор Дильбаро Кладонның жетекшілігімен төрт ай тәжірибе-

ден өтті. Осы кезеңде АҚШ-тың Гарвард университетінің профессоры Алан Крупниктің «Қоғамдағы әлеуметтік проблемалар» жобасы бойынша үш жыл қатарынан социолог-кеңесші қызметін атқарды.

Шәрипа Сыздыққызы үшін аяулы ұстазы, биік адамгершілік қасиеттер иесі, ұлттық электронды бұқаралық ақпарат құралдары туралы ғылымның көш басында тұрған Марат Барманқұловтың орны ерекше. Ол ұстазы туралы былайша толғанады: «Диплом алғаннан кейін Ғылым академиясына жұмысқа орналасып жүрген сәтімде профессор Марат Кәрібайұлы кездесіп қалып, жұмысқа шақырды. Менің университеттегі өмірім осылай басталып кетті. Ұстазымнан көп нәрсені үйрендім».

Шығармашылық жұмысты ұстаздықпен ұтымды ұштастырған Шәрипа Сыздыққызы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығының шақыруымен журналистика бөлімінде 1994-97 жылдар аралығында дәріс оқыды.



кафедрасында еңбек еткен жемісті жылдары «Халықаралық брендинг және отандық PR», «PR теориясы мен практикасы», «PR-дағы қаржыны басқару», «ТВ-жаңалық шығарылымындағы халықаралық блоктар», «PR-жобалардың бизнес-жоспары», «Имиджелогия» пәндерінен дәрістер оқып, семинар сабақтарын жүргізіп келеді. Болашақ қоғаммен байланыс мамандарына тәлімді тәрбие, үлгілі өнеге беруге де белсене араласып, студенттік топ кураторы

цияларға белсене қатысады. Домбыраның қос ішегіндей шығармашылық ізденіс пен ғылыми-зерттеу жұмысын қатар өрбітіп, «Хабар» ақпараттық агенттігінде 200-ден аса телехабары мен «Жас Алаш» («Лениншіл жас»), «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан»), «Көкшетау правдасы», «Алматы ақшамы», «Кентау правдасы», «Қазақстан пионері» және басқа газеттер мен «Ақиқат», «Мысль», «Женщины: Восток-Запад» журналдарында 100-ден аса мақаласын жариялады, екі ұжымдық монография, екі оқу-әдістемелік құралдың авторы атанды, бес ғылыми кітаптың редакторы болып, көптеген ғылыми мақалалары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрді.

Ш.Нұржанова университет пен факультетіміздің халықаралық қатынастарын дамытуға өзіндік үлесін қосуда. Осы орайда, Шәрипа Сыздыққызының А.Мицкевич атындағы университетпен, Мәскеу мемлекеттік университеті, Қырғыз ұлттық университеті,

ҚазҰУ кітаптары Анкара көрмесінде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйытқы болуымен және университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен XVI халықаралық Анкара кітап көрмесіне қатысып, университет баспа үйінен жарық көрген өнімдер жұртшылық назарына ұсынылды.



Шараның ашылу салтанатына Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мұстафа Шентоп, Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Әділ Ахметов және жергілікті ақын-жазушылар мен баспагерлер қатысты.

Түркияның 300-ден астам ірі баспа үйі, баспаханалар мен жарнама агенттіктері бас қосқан жәрмеңкеге биыл Қазақ-

стан «қонақ мемлекет» мәртебесінде шақырылған. Ал «Қазақ университеті» баспа үйі ауқымды жобада алғаш рет өз өнімдерін таныстыруға мүмкіндік алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұсынған топтамалар қатарында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының дипломатиясы», «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты», әл-Фараби еңбектері, Абайтану, Сүйінбайтану сериялары,

Жамбыл Жабаевтың 2 томдық шығармалар жинағы және университет оқытушыларының ғылыми еңбектері бар.

Ашылу рәсімінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың қайраткерлік қызметіне арналған Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың түрік тіліндегі «Тарих жасаған тұлға» (аудармашы М.Отарбаев) деректі кітабы көпшіліктің айрықша қызығушылығын тудырды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай, Анкара қаласында түрік тіліне аударылған «Көрөғлы» дастанының тұсаукесері өтті.

«Көрөғлы» дастаны түрік тіліне аударылды



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай, Анкара қаласында түрік тіліне аударылған «Көрөғлы» дастанының тұсаукесері өтті.

XVI халықаралық Анкара кітап көрмесі аясындағы салтанатты шараның жоғары деңгейде жүзеге асуына Қазақстанның Түркиядағы елшілігі ұйытқы болды.

Жинақтың жарық көруіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Еуразия жазушылар одағына қарасты «Бенгу» баспасы қолдау танытты.

Кітаптың алғы сөзін жазған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Жамбыл Жабаевтың өз өлең-жырларында өмір

сүрген уақыттың тамырын дөп басып, заман тынысын айқын бейнелегенін баяндайды.

Түрік ақын-жазушылары қатысқан іс-шараны Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы ашып, жинаққа түрік халықтарына ортақ дастанның Жамбыл Жабаев жырлаған нұсқасы енгенін жеткізді.

Ал Еуразия жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероғлы Жамбыл Жабаевтың қайраткерлік болмысы мен қазақ әдебиеті мен ұлт руханиятындағы

рөлін таразылап, Жамбыл нұсқасы түрік әлемі мәдениетіне қосылған соны жаңалық екенін атап өтті.

Жазушы-аудармашы Мәлік Отарбаев Түрік елдері президенттері қабылдаған Түркістан декларациясы аясында «Көрөғлы» дастанын тәржімалауды жөн деп тапқанын жеткізді. «Түркіге ортақ тулғаның мерейтойы Түркия төрінде атап өтілгені ақын рухына көрсетілген айрықша құрмет», – деп қорыта келе, ұйымдастырушылар мен қолдаушыларға алғыс білдірді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Анкара төрінде Халықаралық «Алаш» және Махмұт Қашқари әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Нұрғали Ораздың түрік тіліне аударылған «Қазығұрт оқиғалары» кітабының тұсаукесері өтті. Салтанатты шара Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйымдастыруымен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен XVI халықаралық Анкара кітап көрмесі аясында жүзеге асты.

«Қазығұрт оқиғалары» таныстырылды

Жинақтың алғы сөзін білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев жазып, ҚазҰУ түлегі әрі қызметкері Нұрғали Ораздың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен қаламгерлік қуатына тоқталған. Түрік тіліне тәржімаланған «Қазығұрт оқиғалары» әңгімелер жинағының туыс халықтарды әдебиет арқылы жақындастыра түсеріне үміт артады.

Жаңа жинақтың Анкара төріндегі таныстырылымында Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы топтаманың Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Түркия Республикасының 100 жылдығы қарсаңында оқырман қолына тигенін, жинаққа



енген «Бақыт құсы», «Жалғыз арал», «Түрік аспанындағы қазақ жұлдызы», «Ақ тырналар ұясы», «Қазығұрт оқиғасы» туындыларының түрік ағайындардың көңілінен шығарына сенім білдірді.

Еуразия жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероғлы өзі басқаратын «Бенгу» баспасынан жарық көрген туындының тарихи-мәдени салмағын сипаттап, Қазығұрт тауларын

көріп өскен қаламгердің суреткерлік қырын жоғары бағалады.

Еуразия жазушылар одағының басқарма мүшесі, кітап аудармашыларының бірі Жәмила Қынажы қазақ әдебиетінің белді өкілі Н.Ораздың жазушылық стилі мен жанрлық ерекшеліктері туралы баяндама жасап, әр шығарманың арқалаған жүгі мен көтерген міндетін жан-жақты таныстырып өтті.

XVI халықаралық Анкара кітап көрмесі аясында түрік әлемінің ірі ойшылы, сопылық поэзияның көрнекті өкілі Юнус Эмренің қазақ тіліне аударылған өлеңдер жинағының тұсаукесері өтті.

ақынды еске алу шаралары өзге де түркітілдес мемлекеттерде атап өтіліп жатқанын тілге тиек етті.

Юнус Эмре шығармалары қазақ оқырмандарына жол тартты

Өлеңдер топтамасы «Рухани жаңғыруға бір үлес» деген тақырыппен берілген Қазақстанның Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлының алғы сөзімен бастау алады. Салтанатты рәсімде елші мырза еліміз тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде рухани жаңғыруға берік негіз қалап, қос мемлекет арасында саяси-экономикалық қарым-қатынаспен қатар, әдеби-мәдени байланыстар жоғары деңгейде дамып отырғанына тоқталды. Бұған екі ел басшыларының бауырластық, достық келісімдерінің оң ықпал еткенін және әдеби-мәдени алмасуларды нығайту мақсатында көптеген игі шаралардың жүзеге асқанын атап өтті. Соның



ішінде түрік әлеміндегі сопылық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі, Қожа Ахмет Ясауидің жолын жалғастырушы Юнус Эмре жырларының қазақ оқырманына жетуі рухани өміріміздегі соны жаңалық екенін жеткізді.

Ақын Кәдірбек Құныпияұлы өз баяндамасында сөз зергері Юнус Эмренің биыл қайтыс болғанына 700 жыл толатынын, осыған орай,

Кітапты көне түрік тілінен тәржімалаған жазушы-аудармашы Мәлік Отарбаев жинақ бұған дейін Қазақ елінде таныстырылғанымен, пандемия жағдайына байланысты түрік ағайындардан сүйінші сурау сәті енді түсіп отырғанын түсіндіріп өтті. Сондай-ақ Түрік елдері президенттері қабылдаған Түркістан декларациясы аясындағы игілікті іске ұйытқы болған Қазақстанның Түркиядағы елшілігіне, өлеңдерді әдеби өңдеген Дәулетбек Байтұрсынұлына, редакциялаған Кәдірбек Құныпияұлына ризашылық білдірді.

Бетгі дайындаған Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс департаментінің директоры Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.